

## Колледж тарихы

Қазіргі таңда экономикамыздың дамуының негізгі принциптері, өндіріс орындарының заман талабына сай, жаңа технологиялармен жабдықталуы, өндірістің қарыштап дамуы және отандық өнімдердің бәсекеге қабілетті дайындалып, нарықтағы сұранысқа ие болуы. Аталған жағдайларға байланысты Елбасы Н.Назарбаевтың сөзінде келтірілгендей өндіріс орнын дамытудың негізгі мәселесі білім стандарттары негізінде нормативтік регламент құжаттары бойынша, білікті және білімді техникалық жабдықтарды толық меңгерген мамандар дайындау.

Инновациялық даму үшін техникалық кадр, орта кәсіптік маман дайындау стратегиясы маңызды. Дегенмен елімізде өндіріс орындары орта кәсіптік білімді жұмыс күшіне зәру, техникалық кадрларға мұқтаж. Сондықтан кадрлар дайындау жүйесін реформалау арқылы еліміздің экономикалық қуатын арттыруға болады. Осы орайда Политехникалық колледжі кәсіби мамандар даярлауда аянбай еңбек етіп келеді. Біліктілігі жоғары жұмысшы маман даярлау тұрақты экономикалық дамудың басты міндеттері деген тұжырымды ұстанған ұжым, аймақ көлеміндегі түрлі кәсіби байқауларға белсенді қатысып, жүлделі орындар иеленіп, биік тұғырдан көрініп келеді. Бүгінде колледждің педагогикалық ұжымы 12 түрлі техникалық мамандықтар даярлау барысында, сапалы білім мен саналы тәрбие беруде, заманауи ақпараттық технологиялармен қамтамасыз арқылы оқытуды ұйымдастыру формаларын жетілдіріп келеді.

Политехникалық колледжі Қазақстан Республикасы үкіметінің 1997 жылғы 8 мамырдағы №814 қаулысымен Оңтүстік Қазақстан энергетика және бизнес колледжі мен Шымкент политехникалық колледждерін біріктіру негізінде құрылған (ОҚО әкімінің 1997 жылғы 18 маусымдағы №140 шешімі). Колледж тарихы Кеңес үкіметінің индустриализация кезеңіндегі техникалық мамандыққа деген сұранысынан туындап 1934 жылы Оңтүстік өңірінде бірінші болып ашылған Шымкент тау – кен металлургиялық техникумынан бастау алады. Оқу орнының негізін қалаушы Шымкент энергетикалық техникумы 1971 жылы Республика энергетика саласына мамандардың үлкен қажеттілігін ескере отырып, Қазақ КСР – ның Министрлер Кеңесінің 22 маусымдағы №343 қаулысымен құрылған. Бірінші оқу жылы техникумға 4 энергетикалық мамандықтар бойынша барлығы 450 оқушы, оның ішінде 360-ы күндізгі бөлімге, 90 оқушы кешкі бөлімге, 30 оқушы сыртқы бөлімге қабылданған болатын. 1993 жылы нарықтық экономиканың қарқынды дамуын ескере отырып, Қазақстан Республикасының білім министрлігінің 5-ші мамырдағы №203 бұйрығына сәйкес Шымкент энергетикалық техникумы Шымкент энергетика және бизнес колледжі болып